

Үлгілік сақтандыру шарттары

Осы Үлгілік сақтандыру шарттары (бұдан әрі – Шарт) арқылы «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) Сақтанушыны Сақтандырушы әзірлеген Шарттарға бір жақты тәртіпте қосуды (қосу шартын жасасу) және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін (бұдан әрі – Сақтандыру полисі) электрондық түрде рәсімдеуді ұсынады.

Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттеледі, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде Пайда алушыға сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінің) шегінде Сақтандыру шартында көрсетілген тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттеледі. Шарттар «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» АҚ-ның Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелерінің және Шетелге шығатын тұлғалардың медициналық шығындарын ерікті сақтандыру ережелерінің негізінде әзірленді.

1-ТАРАУ. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың мәні шетелге шығатын тұлғалардың медициналық шығындарын ерікті сақтандыру болып табылады.

1.2. Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттеледі, ал Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Пайда алушыға сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінің) шегінде Сақтандыру шартында көрсетілген тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттеледі.

2-ТАРАУ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

2.1. Шартта қолданылатын негізгі түсініктер мен терминдер:

Кенеттен ауырып қалу – клиникалық тұрғыдан ағзаның мүшелеріне және/немесе жүйелеріне залал келтірілуімен айқындалатын, өмірге қауіп төндіретін және жедел медициналық көмек көрсетуді талап ететін Сақтанушының денсаулығының кенеттен нашарлауы;

Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

Сақтандырылушы – Сақтанушы оған қатысты Сақтандыру шартын жасаған тұлға. Сақтандырылушы ретінде Қазақстан Республикасы аумағынан уақытша тыс шығатын тұлға болып есептеледі;

Медициналық шығындар – Қазақстан Республикасынан тыс жедел медициналық көмек алуына: аурудың диагностикасы, жедел амбулаториялық емханалық көмек көрсету және/немесе жедел ауруханаға жатқызу бойынша шығындар, медициналық көмек көрсетуді кешіктіру ағзаның күйінің ауыр қайтымсыз нашарлауына, тіпті өлімге келтіруі мүмкін жағдайларда білікті тәжірибеленуші дәрігер көрсеткен және/немесе тағайындаған және Сақтандырылушы Қазақстан Республикасына оралғанға дейін кешіктіруге болмайтын, себебі аурудың күрделі симптомдарын тоқтатуға бағытталған жедел дәрілік емдеу бойынша қажет шығындар;

Медициналық эвакуация – Сервистік компанияның білікті қызметкерлерінің ұйғарымының негізінде Сақтандырылушы еліне мерзімінен бұрын оралуға мәжбүр болған және кері билетті пайдалана алмаған жағдайда, не болмаса Қазақстан Республикасына ұшатын күні Сақтандырылушы Сервистік компания ұйымдастырған медициналық сүйемелдеуді пайдалана алмаған жағдайда Сервистік компанияның Сақтандырылушыны сақтандыру аумағынан Қазақстан Республикасына жіберуді ұйымдастыруы;

Жазатайым оқиға – Сақтандырылушының ағзасына механикалық, электрлік немесе термиялық әсер ету нәтижесінде адамның еркінен тыс кенет орын алған және денсаулыққа зиян келтіруіне, жарақаттануға немесе өлімге әкеп соққан қысқа мерзімді оқиға (жағдай);

Қайтыс болғаннан кейінгі репатриация (еліне қайтару) – қайтыс болған Сақтандырылушының мәйітін оны жерлейтін жерге ең жақын орналасқан Қазақстан Республикасындағы халықаралық әуежайға дейін немесе азаматы болып табылатын елдегі халықаралық әуежайға дейін тасымалдауды ұйымдастыру. Қайтыс болғаннан кейінгі репатриацияға жұмсалатын шығындар Сақтандыру шартында уағдаласылған сақтандыру сомасының шегінде өтеледі, оған жерлеуге жұмсалатын шығындар кірмейді;

Сервистік компания – Сақтандырушымен жасалған Шартқа сәйкес Шарттың 1-бөлімінде көрсетілген сақтандыру аумағында Сақтандырылушыға Сақтандыру шартында қарастырылған қызметтердің көрсетілуін ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайтын заңды тұлға;

Сақтанушы – Сақтандырушымен жасалған Сақтандыру шартын жасасқан және сақтандыру сыйақысын төлеген тұлға. Егер Сақтандыру шартында басқаша көрсетілмесе, онда Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы болып табылады;

Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;

Сақтандыру сыйақысы – Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

Сақтандыру жағдайы – орын алуы ықтимал және кездейсоқ белгілеріне ие жағдай, яғни ол орын алған кезде Сақтандырушының Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасын төлеу міндеті орын алатын жағдай;

Сақтандырушы - «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;

Сақтандыру аумағы – Сақтандыру шартының сақтандыру қорғанысының әрекеті таралатын аумақ. «Сақтандыру аумағы» түсінігіне Қазақстан Республикасының аумағы, Сақтандырылушы тұрақты тұратын елдің аумағы, Сақтандырылушы азаматы/резиденті болып табылатын елдің аумағы кірмейді;

Жарақат – денеге зақым келуі, соғып алу, сіңір созылу, жарақаттану, сүйекті сындыру, ағза мүшелерінің немесе сіңірдің жарылуы, буын шығып кетуі (буынға болмашы күш түскен кезде немесе белгілі қимыл жасаған кезде бірнеше рет болатын үйреншікті буын шығуын ескермегенде), күйіп қалу, үсіп кету, ыстық өту, суға кетіп қалу, ағзаға салқын тию, электр тоғының соғуы немесе найзағай ұруы, жануарларды, өсімдіктерді немесе жәндіктерді ұстау нәтижесінде болған зақымданулар;

Көліктік шығындар – орын ауыстыруға, эвакуациялауға немесе қайтыс болғаннан кейін репатриацияға жұмсалатын шығындар;

Жедел амбулаториялық емханалық көмек – ағзаның өмірлік маңызды атқарымдарын қалпына келтіру, қолдау мақсатында қолданылатын және 2 (екі) сағаттан артық кейінге қалдырыла алмайтын жедел медициналық көмек;

Жедел ауруханаға жатқызу – дереу көрсетілуі тиіс және жазатайым оқиға орын алғаннан кейін 2 (екі) тәуліктен артық кейінге қалдыруға болмайтын жедел медициналық көмек (соның ішінде жедел хирургиялық және дәрілік емдеу), медициналық көмек көрсетуді кешіктіру немесе одан бас тарту ағзаның күйінің ауыр қайтымсыз нашарлауына, тіпті өлімге келтіруі мүмкін;

Эпидемия/пандемия (індет) – белгілі аумақта әдетте тіркелетін және адамдардың арасында инфекциялық аурулардың таралу шегінен айтарлықтай асып кететін, уақыт пен кеңістікте күшейетін науқастық деңгейі.

3-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ

3.1. Сақтандыру нысаны болып осы Шартта көрсетілген сақтандыру мерзімі ішінде Қазақстан Республикасынан тыс, яғни шетелде болған кезеңде Сақтанушының (Сақтандырылушының) денсаулығының нашарлауына және/немесе кенеттен ауырып қалуына байланысты медициналық шығындарға ұшыраған Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүліктік мүдделері табылады.

4-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

4.1. Сақтандыру жағдайы болып Сақтандырылушы кенеттен ауырып қалуының нәтижесінде жедел медициналық көмекке жүгінуінің салдарынан Сақтандыру шарты әрекет ететін мерзімде және Сақтандырылушы сақтандыру аумағында болған кезеңде аталмыш Сақтандыру шартында көрсетілген медициналық шығындарға ұшырауға әкеп соғатын оқиға табылады.

5-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ, САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

5.1. Сақтандыру шартын жасасқан сәтте жасы 81 (сексен бірде) және одан асқан азаматтар сақтандыруға қабылданбайды.

5.2. Сақтандырушы сақтандыру аумағында Сақтанушы және/немесе Сақтандырылушы төменде көрсетілген жағдайларға байланысты ұшыраған шығындар бойынша сақтандыру төлемін төлеу міндеттемелерін атқармайды:

- 1) сақтандыру мерзімі басталғанға дейін болған ауруларға байланысты, бұл ауруларды емдеу жүргізілгеніне немесе жүгізілмегеніне қарамастан, Сақтандырылушының денсаулығының нашарлауы немесе оның өлімі орын алған жағдайлар, және ондай ауруларды емдеуге жұмсалған шығындарды өтемейді, сондай-ақ егер Сақтандырылушының денсаулығының күйіне байланысты саяхатқа шығуға болмаған жағдайда және/немесе ауруы қозып кетуі мүмкін болған кезде (асқынып кетуінің себебі болған кезде);
- 2) дамудың туа біткен ауытқымалары және кемістіктері;
- 3) созылмалы аурулардың диагностикасы және емдеу, олардың асқынуы, асқынуының салдары, Сақтандырылушының өміріне тікелей қауіп төндіретін кенеттен асқынуларды есептегенде;
- 4) соз аурулары және жыныс жолымен берілетін аурулар;
- 5) психикалық аурулар, мүкістіктер және олардың асқынулары, аффектілік және жүйкелік естен адасу;
- 6) ағзаның кез келген мүшелерінің және жүйелерінің қатерлі ісіктері мен қатерсіз өскіндері;
- 7) табиғи апаттардың нәтижесінде және аса қауіпті инфекцияларға (уәкілетті органдар жол жүруге дейін ресми жариялаған індеттер, пандемиялар кезінде), сондай-ақ инфекциялық (ішек және балалар инфекцияларынан басқалары) және паразиттік ауруларға байланысты, соның ішінде туберкулезге, бруцеллезге, вирустық гепатиттерге, атипиялық пневмонияға байланысты, сондай-ақ жол жүруге дейін мемлекеттік билік органдарының әрекеттеріне және шешімдеріне байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтірілуі немесе оның өлімі;
- 8) сақтандыру аумағында әдейі тексеруден өту және/немесе ем алу мақсаты;

- 9) жүктілік, босану, түсік жасату күйлері, сондай-ақ етеккір циклінің бұзылуы, Сақтандырылушының өміріне тікелей қауіп төнген жағдайларды және мерзімі 12 (он екі) аптадан аспаған жүктілікті ескермегенде;
- 10) төменде көрсетілген жағдайларда Сақтандырылушының денсаулығына залал келтірілуі (денсаулығының нашарлауы) немесе оның өлімі (егер бұл тәуекелге қатысты қосымша ақы төленбесе):
 - Сақтандырылушы ауыр (зиян) жұмыстардың кез келген түрін орындаған кезде немесе кәсіби немесе әуесқойлық спортпен айналысқан кезде (сынақтар, жарыстар);
 - Сақтандырылушы кез келген жарыстарға (сынақтар, жарыстар) қатысқан кезде;
 - Сақтандырылушының жасы бойынша;
- 11) (жарияланған немесе жарияланбаған) соғыстың кез келген салдарына, әскери әрекеттерге, маневрлерге немесе өзге әскери іс-шараларға; азаматтық соғысқа, лаңкестікке қарсы операцияларға, халықтың кез келген нысандағы толқуларына немесе ереуілдерге; ядролық жарыстың, радиацияның немесе радиациялық залалдың әсеріне байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келуі (денсаулығының нашарлауы);
- 12) науқастың төсегінің жанында дербес кезекшілікті ұйымдастыру, Сақтандырылушыға медбикенің үйде немесе қонақ үйде күтім жасауы;
- 13) жергілікті емдеуге болатын және Сақтандырылушыға саяхатты жалғастыруына кедергі келтірмейтін болмашы аурулар немесе жарақаттар кезіндегі эвакуация;
- 14) Сақтандырылушы тұрақты тұратын (азаматтығы бар) елге эвакуациядан ерікті түрде бас тартуының нәтижесінде Сақтандырушымен келісілмеген, сондай-ақ шығындар бойынша келісілмеген кез келген эвакуация және/немесе репатриация;
- 15) пластикалық және қалпына келтіру хирургиясы, ортопедия, жүректің, қан тамырларының, жүйке жүйесінің ауруларына, ангиографияға байланысты хирургиялық емдеулер, тіпті мұндай емдеулерді жүрізуге қатысты медициналық көрсетімдер болса да, ағзаның мүшелері мен ұлпаларының трансплантациясы, экстракорпоральдық емдеу әдістері;
- 16) остеосинтезге арналған шығын материалдары, көзілдірікті, контакт линзаларын, есту аппараттарын, протездік-ортопедиялық құралдарды, глюкометрді және басқа медициналық бұйымдарды іріктеу, жөндеу және сатып алу (қамтамасыз ету), сондай-ақ биологиялық белсенді қоспаларды сатып алу;
- 17) протездеудің, остеосинтез бен остеопластиканың кез келген түрі;
- 18) медициналық тұрғыдан жедел жәрдем көрсету үшін қажет болып табылмайтын немесе дәрігер тағайындамаған қызметтерді көрсету;
- 19) дәстүрлі емес әдістермен диагностикалау және емдеу;
- 20) санаториялық-курорттық емдеу, санаториялық қамқоршылық күтім жасау;
- 21) кез келген профилактикалық тексеру, емдеу және бақылау, жалпы медициналық тексерулер, қайтап тексерулер, екпелер, тігісті алып тастау, таңу, Сақтандырылушыға жедел амбулаториялық емханалық көмек көрсетілгеннен кейін емдеуді жалғастыру үшін дәрігер тағайындаған дәрілік емдеуге байланысты шығындар (жедел көмек көрсетілгеннен кейін науқастың күйі нашарлауына байланысты жағдайлардан басқа);
- 22) Сақтандырылушының күнге күйюін емдеу;
- 23) иммун тапшылығы вирусын (АИТВ) жұқтыру;
- 24) Сақтандырылушының кез келген елде қарулы күштердегі қызметі;
- 25) медициналық емес сипаттағы қызметтерді алу, соның ішінде телефон арқылы сөйлесу, сақтандыру жағдайы орын алуы бойынша Сақтандырушымен немесе Сақтандырушының өкілімен телефондық (факсимильдік) байланыс орнату жағдайларын ескермегенде;
- 26) уақытша келген елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес Сақтандырылушыға қатысты әкімшілік шараға немесе қылмыстық тергеуге әкеп соққан заңға қайшы әрекеттердің жасалуы немесе жасау талпынысы;
- 27) Сақтандырылушыны емдеу және/немесе туыстарының оған күтім жасауы;
- 28) тиісті лицензия жоқ немесе медициналық көмек көрсетілген сәтте лицензиясы уақытша тоқтатылған медициналық мекеменің (дәрігердің) медициналық қызметтер көрсетуі;
- 29) Сақтандырылушыға медициналық көмек көрсету, спорттық жарыстар мен жиындарға қатысу мақсатында шетелге барған жағдайда мұндай көмекті спорттық команданың дәрігер көрсеткен немесе жарыстар мен жиындарды ұйымдастырушылар қамтамасыз еткен жағдайда;
- 30) көлік құралын басқаруға құқығы жоқ Сақтандырылушының көлік құралын басқаруы салдарынан орын алған жазатайым оқиға;
- 31) өз денесіне әдейі залал келтірудің (зақымдаудың), алкоголь сусындары мен есірткі құралдарын немесе өзге заттарды қабылдаудың, сондай-ақ өзіне қиынсыз тәуекел келтірудің нәтижесінде және/немесе салдарынан (басқа адамның өмірін сақтап қалу талпынысын ескермегенде) Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтірілуі (денсаулығының нашарлауы) немесе өлімі;
- 32) табиғи және техногендік апаттардың әрекетінің нәтижесінде орын алған аурулар;
- 33) моральдық залалды, ұтылған пайданы өтеу және тұрақсыздық айыбын төлеу;
- 34) сақтандыру жағдайы орын алуына байланысты емес өзге шығындар.

6-ТАРАУ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру ережелерімен (сақтандыру шарттарымен) таныстыру;

- 2) сақтандыру жағдайы орын алған кезде Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін төлеу;
- 3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 4) Сақтанушыға Шартты беру, жоғалтып алған жағдайда телнұсқасын беру;
- 5) сақтандыру жағдайы орын алған кезде шығындарды азайту үшін төлеген шығындарды Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қайтару;
- 6) сақтандыру жағдайының орын алу дерегін тіркеу;
- 7) сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған жағдайда құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлғаға анықтама беру және жетпейтін құжаттарды көрсету;
- 8) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған жағдайларда Сақтанушымен арадағы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтандыру төлемін төлеу, сақтандыру сыйақысын қайтару бойынша операцияларды жүргізбеу және (немесе) уақытша тоқтату;
- 9) Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге міндеттерді орындау;

6.2. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) сақтандыру сыйақысының уақтылы төленуі;
- 2) сақтандыру жағдайының орын алу ықтималын және келтірілуі мүмкін залалдың мөлшерін сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) орын алғанға дейін анықтау үшін маңызды болып табылатын жағдайлар туралы мәліметтерді Сақтанушыдан алу, егер Сақтандырушы осындай жағдайлар бейхабар болса немесе бейхабар болуға тиіс болса;
- 3) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеру, сондай-ақ Сақтанушыдан Шарттың талаптарын орындауын талап ету;
- 4) Шартта қарастырылған тәртіпте және мерзімде Шартты мерзімінен бұрын бұзу;
- 5) Шартта, Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту;
- 6) сақтандыру жағдайының дерегін, оның орын алу жағдайларын анықтау үшін қажет ақпаратты Сақтанушыдан талап ету;
- 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын өз бетінше анықтау, соның ішінде құзыретті органдарға сауалдар жолдау;
- 8) Сақтанушының келісімімен оның атынан және тапсырмасы бойынша сотта істерді жүргізуді өз мойнына алу;
- 9) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Шарттың талаптарын өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйақысын тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес етіп арттыруды талап ету. Егер Сақтанушы Шарттың талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, онда Сақтандырушы Шартта қарастырылған тәртіпте және мерзімде Шартты бұзуды талап етуге құқылы;
- 10) жәбірленушінің денсаулығына келтірілген залалдың көлемін бағалау үшін, сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;
- 11) Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда залал келтірілгені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсыну;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Шартты жарамсыз деп мойындауды талап ету;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жасау.

6.3. Сақтанушының міндеттері:

- 1) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеу;
- 2) Сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы Сақтандырушыға Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде хабарлау;
- 3) сақтандыру жағдайынан орын алған шығындарды азайту үшін шаралар қабылдау;
- 4) Шартты жасасқан кезде және Шарт әрекет еткен кезең ішінде сақтандыру нысандарына қатысты барлық қолданыстағы немесе жасалған Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлау;
- 5) залалдың мөлшерін, сақтандыру жағдайы орын алуының себептері мен өзге жағдайларын анықтау кезінде Сақтандырушының өкіліне ықпал ету;
- 6) егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Сақтандыру шартына сәйкес, талап ету мерзімі ішінде Пайда алушыны/Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толықтай немесе ішінара айыратын жағдайлар анықталса, онда алған сақтандыру сыйақысын Сақтандырушыға толық көлемде немесе ішінара қайтару;
- 7) Сақтандыру шарты бойынша қажет құжаттарды, сақтандыру жағдайымен байланысты құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғаны үшін кінәлі тұлғадан залалдарды өтеуді талап ету (суброгация) құқығы орындауға қажет құжаттарды, дәлелдер мен мәліметтерді сақтауды және Сақтандырушыға табыстауды қамтамасыз ету;
- 8) Сақтандырушы Сақтандырушының және Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындау қажет деп есептеген жағдайда және сақтандыру жағдайы орын алуына байланысты осындай мүдделерді қорғау үшін Сақтандырушы көрсеткен тұлғаға сенімхат және/немесе өзге қажет

құжаттарды беру; сақтандыру жағдайының орын алуына байланысты Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүдделерін сотта білдіруге немесе Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) құқықтық қорғауды өзге әдіспен іске асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;

9) сақтандыру тәуекелінің күйі туралы Сақтандырушыға хабарлау;

10) Сақтандырушының талабы бойынша, сақтандыру жағдайы орын алғанға дейінгі кезең ішінде денсаулығының күйі туралы құжаттарды ұсыну;

11) медициналық ұйымдардың дәрігерлерін сақтандыру жағдайына қатысты Сақтандырушының алдында құпиялылық міндеттемелерінен босату;

12) Севистік компанияның, дәрігерлердің, Сақтандырушының үйлестірушісінің нұсқауларын орындау;

13) Сақтандырушыға барлық ақпаратты ұсыну, соның ішінде сақтандыру жағдайына қатысты бар, сақтандыру жағдайына байланысты барлық оқиғаны анықтау үшін Сақтандырушыға қажет медициналық және өзге құжаттарды табыстау;

14) Сақтандырылушыны Шарттың талаптарымен таныстыру;

15) Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамау, сондай-ақ Сақтандырушының келісімінсіз қандай да бір міндеттемелерді өзіне алмау, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамау, Пайда алушыға келтірілген залалды өтеу үшін ешқандай төлемдер жасамау, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз, сақтандыру жағдайына қатысты сомалар мен төлеу мерзімдері бойынша міндеттемелерді орындамау, сондай-ақ залалды азайту мақсатында әрекеттер жасамау;

16) сақтандыру шарттарын орындау (Сақтандырылушының Шартты бұзуы Сақтанушының өзі шарттың талаптарын бұзғаны болып бағаланады).

6.4. Сақтанушының құқықтары:

1) сақтандыру шарттарымен танысу;

2) Шартты алу, ол жоғалып қалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

3) Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Шартта қарастырылған тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін алу;

4) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шағымдану;

5) сақтандыру құпиясының сақталуына;

6) Сақтандырушыдан Шарттың талаптары мен әрекет ету тәртібін түсіндіруді талап ету;

7) медициналық мекемелерде Шартта белгіленген медициналық қызметтер көрсетілуін талап ету. Оған осындай медициналық қызметтерді көрсетуден бас тартқан жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) бұл туралы Сақтандырушыға (Сервистік компанияға) дереу хабарлауы тиіс. Сақтанушыда (Сақтандырылушыда) мұндай мүмкіндіктер болмаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) өкілеттеген кез келген тұлға немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) өтінші бойынша кез келген тұлға хабарлай алады;

8) Сақтанушының Сақтандырушыдан Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін алу құқығы Сақтанушы таңдаған медициналық сақтандыру бағдарламасына қатысты қолданылатын сақтандыру жағдайлары орын алған кезде орын алады;

9) сақтандыру жағдайының салдарынан орын алған залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы ұшыраған шығындардың өтелуін Сақтандырушыдан алу;

10) Шартты мерзімінен бұрын бұзу;

11) Шарт бойынша Сақтанушыдан өзге тұлға сақтандырылған жағдайда, арыз беру арқылы Сақтандырушы жазбаша түрде хабарлап, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру аумағына кеткенге дейін жұмыс уақытында Сақтандырылушыны ауыстыру, егер Шартта басқасы қарастырылмаса;

12) Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушыны сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін ауыстыру және бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде ескерту. Пайда алушы оның Сақтанушымен арадағы келісімінен орын алатын, Шарт бойынша белгілі міндеттерін орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу талабын ұсынғаннан кейін Пайда алушы басқа тұлғамен ауыстырылмайды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге әрекеттерді орындау.

6.5. Тараптардың осы бөлімде қарастырылған құқықтары мен міндеттері кесімді болып табылмайды, Тараптардың Шарттың басқа бөлімдерде қарастырылған құқықтары мен міндеттері бар.

7-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН ҰЛҒАЙТУДЫҢ САЛДАРЫ

7.1. Шарт әрекет ететін кезең ішінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Шарты жасасқан сәтте Сақтандырушы хабарлаған жағдайларға қатысты орын алған маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушы дереу хабарлауға міндетті, егер мұндай өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса.

7.2. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын жағдайлар туралы хабардар болған Сақтандырушы Шарттың талаптарын өзгертуді және (немесе) сақтандыру сыйақысын сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға мөлшерлес етіп төлеуді талап етуге, не болмаса сақтандырудан бас тартуға құқылы.

7.3. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы Шарттың талаптарын өзгертуге және (немесе) сақтандыру сыйақысын толықтырып төлеуге қарсы болса, онда Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттың әрекетін тоқтатуды талап етуге құқылы.

7.4. Сақтанушы немесе Сақтандырылушы осы бөлімнің 7.1-тармағында көрсетілген міндеттерді орындамаған жағдайда Сақтандырушы Шарттың әрекетін тоқтатуды және соның салдарынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.5. Егер сақтандыру тәуекелін ұлғайтатын жағдайлар төленген болса, онда Сақтандырушы Шартты бұзуды талап етуге құқылы емес.

8-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ (ОҚИҒАЛАРЫ) ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕ ТАРАПТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

8.1. Сақтандыру жағдайының орын алғанын, сондай-ақ залалдар келтірілігенін дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі;

8.2. Пайда алушы барлық жағдайларда сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға құқылы, мұны Сақтанушынемесе Сақтандырылушы жасағанына қарамайды.

8.3. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырылушы Сервистік компаниямен және/немесе Сақтандырушымен дереу байланысуға және мынадай деректерді хабарлауға міндетті:

- 1) өзінің тегін, атын, әкесінің атын;
- 2) Шарттың нөмірі мен әрекет ету мерзімін;
- 3) Сақтандырушының атауын;
- 4) өзінің орналасқан орнын (елі, келген қала);
- 5) байланыс телефондарын;
- 6) сақтандыру жағдайын және талап етілуі ықтимал медициналық көмектің сипатын қысқаша сипаттау.

8.4. Сервистік компаниядан және/немесе Сақтандырушыдан нұсқау алғаннан кейін Сақтандырылушы алған нұсқауларына сәйкес әрекет етуге міндетті.

8.5. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сервистік компания Сақтандырушының атынан Сақтандырылушыға медициналық көмек және Шартта көрсетілген қосымша қызметтер көрсетілуін қамтамасыз етеді.

8.6. Шұғыл жағдайда, егер Сақтандырылушы Сервистік компаниямен және Сақтандырылушымен байланыса алмаса және медициналық шығындарды өз бетінше төлесе, онда Сақтандырылушы орын алған жағдай туралы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында көрсетілген телефон нөмірі немесе электрондық пошта арқылы 48 (қырық сегіз) сағат ішінде мынадай деректерді хабарлайды:

- 1) Сақтандырылушының тегін, аты, әкесінің аты, тұрғылықты орнының мекенжайы және азаматтығы;
- 2) Шарттың нөмірі мен әрекет ету мерзімі;
- 3) Сақтандырылушы жолданған емдеу мекемесінің атауы, мекенжайы және телефоны;
- 4) Сақтандырылушыны емдеуші дәрігердің аты, тегі, мекенжайы және телефон нөмірі.

8.7. Сақтандырылушы қандай да бір техникалық немесе өзге дәлелді себептер бойынша Сервистік компаниямен және/немесе Сақтандырушымен байланыса алмаған ерекше жағдайларда ол басқа дәрігерге немесе кез келген медициналық мекемеге жүгінуге және көрсетілген медициналық көмек үшін шығындарды өз бетінше төлеуге құқылы, содан кейін Сақтандырылушы құжаттарды Сақтандырушыға қарастыру үшін және сақтандыру төлемін төлеу / төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін ұсынуға құқылы. Құжаттардың тізбесі, құжаттарды ұсыну мерзімі 9-бөлімде көрсетілген.

9-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ОРЫН АЛҒАНЫН ЖӘНЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

9.1. Сақтандырылушы көрсетілген медициналық қызметтер үшін шығындарды өз бетінше төлеген кезде, сақтандыру төлемін алу үшін, Қазақстан Республикасына оралғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы жазбаша арызды және сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет құжаттарды ұсынуы тиіс, олар:

- 1) сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы арыз;
- 2) Шарттың түпнұсқасы (телнұсқасы);
- 3) Сақтанушының/Сақтандырылушының жеке тұлғасын куәландыратын құжаттар;
- 4) медициналық қызметтер көрсетілгенін растайтын құжаттар.

Сақтандырылушы жедел амбулаториялық емханалық көмек көрсетілген жағдайда, жедел ауруханаға жатқызылған кезде, стоматологиялық емделген кезде мынадай құжаттар ұсынылады:

- Сақтандырылушыға медициналық көмек көрсетілгенін растайтын, Сақтандырылушының Т.А.Ә., қойылған диагнозы және тексеру нәтижелері көрсетілген, емдеу мекемесінің мөрі қойылған құжаттардың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырыған көшірмесі;

- шоттың, фискальдық, тауарлық чектің түпнұсқасы немесе медициналық қызметтердің ақысын төлегенін растайтын өзге құжат.

Жедел дәрілік емдеу болған жағдайда ұсынылатын құжаттар:

- Сақтандырылушының Т.А.Ә. көрсетілген рецепт, диагнозды емдеу мекемесінің мөрі қойылған құжатпен растау арқылы;

- шоттың, фискальдық, тауарлық чектің түпнұсқасы немесе төлемді растайтын өзге құжат (әрбір препараттың атауын, мөлшерін, сатып алған күні, және әр бірлігінің құнын көрсету арқылы);

5) Сақтандырылушы қайтыс болғаннан кейінгі репатриация жағдайында Сақтанушы/Пайда алушы мынадай құжаттарды қосымша ұсынуға міндетті:

- қайтыс болғаны туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- заңнамалық актілерде қарастырылған, Сақтандырылушының қайтыс болу себептері туралы ақпарат келтірілген құжаттардың көшірмелері;

- Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжат;

6) төтенше жағдайлар кезінде үшінші тұлға жедел жүгінген кезде:

- үшінші тұлғаның жедел жүгінуін растайтын билеттердің түпнұсқалары немесе көшірмелері;

7) Сақтандырылушы медициналық эвакуацияланған жағдайда:

- осы бөлімнің 1-4 т.т., 6 және 8 т.т. сәйкес құжаттарын тізбесі (қажет болса);

8) Сақтандырылушының балаларын қайтарған жағдайда:

- Сақтандырылушының балаларын тұрақты тұратын (азаматтығы бар) елге қайтаруды растайтын билеттердің түпнұсқалары немесе көшірмелері.

9.2. Сақтанушы/Сақтандырылушы тұрғылықты тұратын еліне оралғаннан кейін бес күндік мерзім ішінде сақтандыру жағдайының орын алуы туралы арызды және сақтандыру төлемі үшін қажет құжаттарды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

9.3. Егер нақты жағдайларды ескере отырып, Сақтандырушыда сұратылған құжаттардың болмауы сақтандыру жағдайының фактілері мен себептерін тағайындауды және келтірілген залалдың мөлшерін Сақтандыру шартында белгіленген мерзім ішінде анықтауға мүмкіндік бермесе (немесе аса қиындатса), онда Сақтандырушы Сақтанушыдан жоғарыда аталған құжаттардан басқа құжаттарды талап ете алады.

9.4. Сақтандырылушыға көрсетілген медициналық қызметтердің ақысын Сервистік компания төлеген кезде шығындарды өтеу үшін құжаттарды Сақтандырылушыға медициналық қызметтер көрсету туралы шарттар келтірілген құжаттардың тізбесіне сәйкес Сервистік компания ұсынады.

10-БӨЛІМ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ. ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

10.1. Сақтандырылушы орналасқан жерінде жұмсаған және Сервистік компания төлеген медициналық шығындарының (медициналық көмек көрсету шығындарын және Сақтандырылушының Шартпен қарастырылған сақтандыру жағдайы орын алған кездегі өзге шығындарының) орнын толтыратын сақтандыру төлемі Қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес Сервистік компания ұсынған шоттарды Сақтандырушының төлеуі арқылы немесе Сақтандырылушының шығындарын өтеу арқылы төленеді.

10.2. Сақтандырылушының мынадай шығындары өтелуі тиіс:

1) Сақтандырылушының емдеуші дәрігердің пікірінше 2 (екі) сағаттан аса уақытқа кешіктіріле алмайтын және шұғыл көмек көрсету кезінде (соның ішінде маман дәрігердің қарауы, амбулаторлық жағдайда берілетін консультациясы кезінде) міндетті болып табылатын шұғыл амбулаторлық емхана көмегін сұрауы нәтижесінде пайда болған шығындар;

2) шұғыл ауруханаға жатқызу, шұғыл хирургиялық араласу нәтижесінде (емдеуші дәрігердің пікірінше 2 (екі) тәуліктен аса уақытқа кешіктіріле алатын хирургиялық араласулардан және шұғыл көмек көрсету кезінде қажетті болып табылмайтын араласулардан басқа) пайда болатын шығындар;

3) аурудың жіті белгілерін тоқтатуға бағытталған және амбулаторлық емхана көмегінің шеңберінде практикамен айналысатын білікті дәрігер белгілеген немесе жасаған шұғыл медикаментоздық емдеуге жұмсалған шығындар. Шұғыл медикаментоздық емдеуге арналған сақтандыру сомасы (сублимит) 30 (отыз) еуро құрайды;

4) тіс емдеуге жұмсалған шығындар: қатты тіс ауруы немесе жазатайым оқиға нәтижесінде алған жарақаттарға байланысты дәрігердің қарауы, рентгенологиялық зерттеу, тіс жұлу немесе тығындау. Тіс емдеуге арналған сақтандыру сомасы (сублимит) 100 (жүз) еуро құрайды;

5) Сақтандырылушыны тасымалдау шығындары:

a. сақтандыру оқиғасы орын алғанда сақтандыру аумағындағы медициналық мекемеге медициналық тасымалдау шығындары;

b. жатқан жерінен тұрғылықты еліндегі тікелей халықаралық қатынас орнатылған әуежайға ең жақын орналасқан ауруханаға дейін көшіру шығындары. Бұл ретте Сақтандырушы өз күшімен сатып алынған және сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін қолданылмаған әуе билетінің (билеттерінің) құнын қайтаруды талап етуге құқылы;

б) үшінші тұлғаларды тасымалдау шығындары:

сапарға жалғыз шыққан Сақтандырылушы сақтандыру аймағында ауруханаға түссе, және, Сервистік компания дәрігерінің пікірінше науқастың жағдайы өте ауыр болып саналса, Сақтандырушы Сақтандырылушының жақын туысы (анасы, әкесі, ағасы не інісі, әпкесі не қарындасы, ұлы, қызы) немесе жұбайы болып табылатын бір тұлғаға науқастың халін білу үшін Сақтандырылушы орналасқан жерге ең жақын орналасқан бақылау-өткізу орнына дейін эконом-класпен барып келгенге әуе билетін береді. Бұл тұлғаның Сақтандырылушы жатқан елде тұру шығындарын Сақтандырушы төлемейді;

7) Сақтандырылушының балаларын қайтарумен байланысты шығындар:

Сақтандырылушының асырауындағы балалар сақтандыру аймағында Сақтандырылушының науқастануы немесе жазатайым оқиғаға душар болуы салдарынан қараусыз қалса, Сақтандырушы балалардың

Сақтандырылушының тұрғылықты еліне тікелей халықаралық қатынас орнатылған әуежайға дейін эконом-класпен қайту ақысын төлейді. Бұл ретте Сақтандырушы өз күшімен сатып алынып, сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін қолданылмаған әуе билетінің (билеттерінің) құнын қайтаруды талап етуге құқылы;

8) Сақтандырылушының мәйітін (сүйегін) отанына қайтарумен байланысты шығындар.

а. мәйітті союға, халықаралық тасымал үшін талап етілетін табытқа жұмсалатын шығындар және заң жүзінде ресімдеу шығындары;

б. Сақтандырылушының отанында болжамды жерлейтін жерге ең жақын орналасқан және тікелей халықаралық қатынас орнатылған әуежайға Сақтандырылушы мәйітін (сүйегін) тасымалдау.

10.3. Сақтандырушы Сақтандырылушыны жерлеу шығындарын және жерлеуге қатысты өзге шығындарды көтермейді.

10.4. Сақтандырылушы мына шарттарды орындаған жағдайда, оның өз күшімен төлеген медициналық шығындары бойынша сақтандыру төлемі жасалады:

1) Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемін төлеу талабын жазбаша түрде (сақтандыру төлемі туралы өтініш), Шартта көзделген сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып береді;

1) Сақтандырылушы сақтандыру төлемін төлеу үшін қажетті құжаттар пакетін жеткілікті көлемдетпесірмаса, Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жасау үшін жетіспейтін құжаттар жөнінде Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) хабардар етеді;

3) Сақтандырушы компаниясына соңғы қажетті құжат жеткен сәттен бастап сақтандыру төлемін жасау үшін тапсырылған құжаттар пакеті толықтай тапсырылған болып саналады.

10.5. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте, және Сақтандырылушы жұмсалған шығындарды өз күшімен төлеген жағдайда, Пайда көруші көрсеткен банк шотына теңгемен төленеді. Сақтандыру төлемін Қазақстан Республикасының аумағында аудару шығындарын Сақтандырушы қаражатының есебінен төлейді.

10.6. Сақтанушының шығындарды азайту немесе алдын алу мақсатында жұмсаған шығындары Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, және тиісті шаралар нәтижесіз болса да, Сақтандырушы тарапынан өтелуі тиіс. Мұндай шығындар нақты мөлшерінде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығындар өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомасынан аспайтындай етіп өтеледі, шығындар Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде пайда болса, олар толық көлемде, сақтандыру сомасына қатыссыз өтеледі.

10.7. Сақтандыру оқиғасына тікелей себепті байланысы бар қылмыстық іс қозғалған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдары қылмыстық істі тоқтату жөнінде шешім қабылдайтын күнге дейін немесе сот шешімі шығатын күнге дейін сақтандыру төлемінің мерзімін ұзартуға құқылы.

10.8. Сақтандыру оқиғасының орын алуы нәтижесінде келтірілген залал мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының немесе оның/олардың өкілінің өтініші бойынша, тапсырылған құжаттардың негізінде анықтайды. Қажет болған жағдайда, келтірілген залалды бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) бағалайды. Келтірілген залалды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Тараптар қарсы жайтты дәлелдеуге құқылы.

10.9. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға Шарттың 9-бөліміндегі сақтандыру оқиғасына қатысты 9.1-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды тапсырған соң, Сақтандырушы 10 (он) жұмыс күнінің ішінде бұл шығындардың орнын толтыру жөнінде немесе көрсетілген көмек шұғыл көрсетімдер бойынша көрсетілмеген жағдайда – дәлелді себеппен шығындарды өтеуден бас тарту жөнінде шешім қабылдайды.

10.10. Сақтандыру төлемінің есебі түпнұсқалы түбіртектер мен шоттардың негізінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сақтандыру оқиғасы орын алған күнгі шетел валюталарының ресми бағамы бойынша жасалады.

10.11. Сақтандыру төлемі ол жөнінде шешім қабылданған соң 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей төленеді. Шығынды өтеуден бас тарту жөнінде шешім қабылданған жағдайда, Сақтандырушы тура сондай мерзім ішінде бұл жөнінде Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) жазбаша түрде хабардар етіп, мұндай шешім қабылдаудың себептерін де көрсетеді. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту жөніндегі шешіміне сот тәртібінде шағымдануға болады.

10.12. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін ішінара немесе толықтай төлемеуге құқылы:

1) қорғану қажеттілігі және аса қажет болған жағдайда жасалған әрекеттерден басқа, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру оқиғасының орын алуына бағытталған немесе оның орын алуына себепші болатын әрекеттерді жасағанда;

2) Шартта көзделген құжаттарды тапсыру мерзімін бұзған жағдайда;

3) Сақтанушы/Сақтандырылушы (немесе оның өкілі) Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде Сақтандырушыны сақтандыру оқиғасының орын алғаны жөнінде хабардар етпеген немесе уақытылы хабардар етпеген жағдайда;

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру оқиғасының себептерін, сипатын және оның орын алған нәтижесімен (салдарымен) байланысын орнату үшін қажетті құжаттары мен мәліметтері бола тұрып, оларды тапсырмаса, немесе көрінеу жалған дәлелдерді берген жағдайда;

- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру оқиғасынан болған залалды азайту шараларын қасақана қолданбаған жағдайда;
 - 6) Сақтанушы Шарт жасаған кезде заңға қайшы пайда көру мақсатын көздеген, соның ішінде Шартты Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін жасаған жағдайда;
 - 7) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары жөнінде көрінеу жалған мәліметтер берген жағдайда;
 - 8) Сақтанушы/Сақтандырылушы Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының жай-жапсарын анықтауға және келтірілген залал көлемін белгілеуге кедергі жасаған жағдайда;
 - 9) Сақтанушы сақтандыру оқиғасының орын алғаны үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығынан бас тартқан, сондай-ақ Сақтандырушыға регресс өту үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайда. Сақтандыру төлемі жасалып үлгерсе, Сақтандырушы оны толықтай немесе бір бөлігін қайтаруды талап етуге құқылы;
 - 10) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Шарт талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзған жағдайда;
 - 11) Сақтанушы, Сақтандырылушы заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстар немесе сақтандыру оқиғасымен тікелей себепті байланысы бар әкімшілік құқық бұзушылықтар болып танылған әрекеттер жасаған жағдайда;
 - 12) Сақтандырылушы медициналық баянатында нұсқаулар болған жағдайда, Сервистік компания үйлестірушісінің, дәрігердің кеңестерін, емдеу мекемесінде жүріс-тұрыс ережелерін орындамаған жағдайда;
 - 13) сақтандыру оқиғасы сақтандыру оқиғасынан және Шарттың қолданылу мерзімінен тыс орын алған жағдайда;
 - 14) Шарттың 5-бөлімінің 5.2-т. 10-тт. көрсетілген тәуекелдер бойынша сыйақы түзету коэффициентін ескере отырып төленбеген жағдайда;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге негіздемелер бойынша.
- 10.13. Сақтандыру оқиғасы келесі жағдайлардың нәтижесінде орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:
- 1) әскери және құқық қорғау органдарында қызмет ету немесе тиісті оқудан өту;
 - 2) әр түрлі әскери қимылдар немесе әскери шаралар, азаматтық соғыс, төңкеріс, көтеріліс, бүлік, басқын немесе билікті тартып алу, тұтқындау, азаматтық толқу, жаппай бассыздық, ереуіл, локаут және олардың салдары;
 - 3) лаңкестік немесе саяси себептер бойынша зорлық-зомбылық актілері;
 - 4) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті ластану;
 - 5) Сақтанушының/Сақтандырылушының дәрігер нұсқауын орындаудан, тасымалдаудан және көшіруден өз еркімен бас тартуы;
 - 6) Сақтанушының/Сақтандырылушының алкоголь, уытқұмар заттардан мас күйінде немесе психотроптық құралдардың әсерімен жасаған әрекеттері, сондай-ақ мұндай күйде болғанның салдары.
- 10.14. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Сақтандыру шартында қарастырылған өзге де негіздер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден толықтай немесе ішінара бас тартуға құқылы.
- 10.15. Сақтанушының осы бапта қарастырылған заңға қайшы әрекеттеріне байланысты Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігінен босатылуы оны сондай-ақ Сақтандырылушыға сақтандыру төлемін төлеуден де босатады.
- 10.16. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақытылы төлемегені үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілікті көтереді.

11-БӨЛІМ. ШАРТТЫ ТОҚТАТУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

11.1. Сақтандыру шарты мынадай жағдайда тоқтатылған болып саналады:

- 1) Сақтандыру шартының жарамдылық мерзімі біткен жағдайда;
- 2) Сақтандырушы міндеттерін орындап болған (Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) төлеген) жағдайда;
- 3) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Сақтандыру шартында көзделген өзге жағдайларда.

11.2. Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру нысаны жойылып кеткенде;
- 2) Сақтанушы болып табылмайтын, және ауыстырылып үлгермеген Сақтандырылушы қайтыс болғанда;
- 3) сақтандыру оқиғасының орын алу мүмкіндігі жоқ болып кеткенде, және сақтандыру тәуекелі сақтандыру оқиғасынан өзге жағдайлар себебінен жойылғанда;
- 4) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайлардан басқа, Сақтандырушы мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайларда.

Аталған жағдайларда Сақтандыру шарты оның тоқтауы үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдай орын алған сәттен бастап тоқтатылған болып саналады. Мұндай жағдайдың орын алғаны жөнінде мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуі тиіс.

11.3. Тараптар Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Тараптар Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқысы келетіні жөнінде бір-бірін болжамды тоқтату күніне дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын хабардар етуге міндетті. Мұндай жағдайда Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарлама жасалған күннен кейінгі келесі күннен бастап тоқтатылады.

11.4. Сақтанушы кез-келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқанда, егер бұл осы бөлімнің 11.2-тармағында көрсетілген жағдайлармен байланысты болмаса, және Сақтандыру шартында басқасы қарастырылмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылмайды.

11.5. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының Шарт талаптарын орындамауына байланысты болған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысын толық көлемде қайтаруға міндетті.

11.6. Сақтандырушы Сақтандыру шартынан Шарттың қолданылу мерзімі басталғанға дейін бас тартқан жағдайда:

1) елшіліктің виза ашудан бас тартуына байланысты бас тартса – Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйақысын 100 % көлемде қайтарады, бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі басталғанға дейін елшіліктің бас тарту құжатын (түпнұсқасын) көрсетуге міндетті;

2) Сақтандыру шарты күшіне енген соң, бірақ Сақтандырылушылар сақтандыру аймағына ұшып шыққанға дейін уәкілетті органның сақтандыру аймағында эпидемиялар мен пандемияларды ресми жариялауы және/немесе әскери қимылдар, маневрлер немесе өзге әскери шараларды жариялауына байланысты бас тартса – Сақтандырушы Сақтандырылушыға төленген сақтандыру сыйақысын 100 % көлемде қайтарады;

3) өзге себеп бойынша бас тартса – Сақтандырушы Сақтандырылушыға жұмсалған шығындарды және істі жүргізу шығындарын өтеу үшін 25% көлемінде, бірақ 200 теңгеден кем болмайтын соманы шегере отырып, төленген сақтандыру сыйақысының бір бөлігін ғана қайтарады.

11.7. Сақтанушы Сақтандыру шартынан оның қолданыс мерзімі басталғаннан кейін бас тартқан жағдайда, төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылмайды.

11.8. Сақтандырушы таратылған жағдайда сақтандыру сыйақылары Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген несиегерлердің талаптарын қанағаттандыру кезегіне сәйкес қайтарылады.

12-БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

12.1. Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасында Сақтандыру шарты бойынша туындайтын даулар келіссөз жүргізу арқылы шешіледі.

12.2. Тараптар бір келісімге келе алмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі.

13-БӨЛІМ. ӨЗГЕ ШАРТТАР

13.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа, Тараптар осы Сақтандыру шартын жасасу нәтижесінде мәлім болған құпия ақпаратты басқа тараптың келісімінсіз жариялауға құқылы емес.

13.4. Сақтанушы Сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйақысын төлей отырып, Сақтандыру шартын жасасқанға дейін «Сентрас Иншуранс» СК» АҚ-ның Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандырудың талаптары мен ережелерін және Шетелге шығатын тұлғалардың медициналық шығындарын ерікті сақтандыру ережелерін алғанын және олармен танысып шыққанын растайды, сондай-ақ Сақтандырушының біржақты тәртіпте әзірленген Талаптарымен келісетінін және оларға қосылатынын растайды.